

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 21 (873) 6 мамыр 2022 жыл

[facebook.com/tainsha.tany](https://www.facebook.com/tainsha.tany)



<http://tainshatany.kz>



tainsha_tan@list.ru

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

9 мамыр – Жеңіс күні бәріміз үшін айрықша қымбат, қасиетті мереке. Бұл тек, сол соғыста жеңіске жеткенімізді атап өтетін күн ғана емес, сол зұлмат жылдарда Жеңісті жақындату үшін өмірлерін қиған, майданнан оралмай еліміздің берік қорғанындай болып қалған ұл-қыздарымызды еске алатын күн. Сіздердің ерліктеріңіз біздің жадымызда мәңгі сақталады.



ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІМЕН!

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚЫМБАТТЫ АРДАГЕРЛЕР МЕН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР!

Отан қорғаушы күніне арналған менің құттықтауымды қабыл алыңыздар. 1992 жылдың 7 мамырында «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» тарихи Жарлыққа қол қойылды. Содан бергі 30 жыл ішінде қазақстандық армия қалыптасу және даму жолынан өтті. Бұл уақыт аралығында біздің армия, флот, авиация және әскери ғылым маңызды ұйымдастырушылық, құрылымдық, техникалық және басқа да қайта құру, реформалар мен жаңғыртуларды бастан өткерді. Қазақстан соғыстың алдын алу бойынша шараларды, сондай-ақ тәуелсіздік пен республиканың аумақтық тұтастығын қорғау тәсілдерін көздеген әскери доктринаны қабылдаған Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет атанды.

Бүгіндері еліміздің Қарулы Күштері барлық жағынан жарақтандырылған және даярлығы да жоғары деңгейде. Әскери қызметкер құрметті және мәртебелі мамандық саналады. Біздің сарбаздар мен сардарлар даңқты батырлардың, біздің қымбатты ардагерлеріміздің жауынгерлік дәстүрлерін жалғастырып, әскери қызметті абыроймен атқаруда.

Барлық әскери қызметкерлерге шын жүректен табыс, мықты денсаулық және амандық тілеймін!

ҚЫМБАТТЫ СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІ МЕН ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ!

Сіздерді Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймын! Сіздердің жауынгерлік және еңбектегі ерліктеріңізді ұрпақ ешқашан ұмытпайды. Сіздердің қаһармандықтарыңыз жас ұрпақтың жадында сақталмақ. 90 мыңнан астам солтүстікқазақстандық Мәскеуден, Ленинград пен Сталиградтан Берлинге дейінгі шайқас жолымен жүріп өтті. Біздің 55 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды, 11 майдангер «Даңқ» орденінің толық иегері болды. 32 мың солтүстікқазақстандық Кеңес Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталды. Майдандағы көзсіз ерлік пен тылдағы жанқиярлық еңбек Жеңіс күнін жақындата түсті. Ерлік әрқашан да мәңгілік, естеліктер біздің жадымыздан өшпейді.

Бүгіндері әлем қиын-қыстау күндерді бастан кешіруде. Осы сәтте біздің ынтымақтастығымызды, бірлігімізді нығайту ерекше маңызға ие. Ұлы Жеңіс мерекесі 1941 жылғы алапат қайғы-қасірет ешқашан қайталанбауы керектігін еске салады.

Сіздерге шын жүректен амандық, мықты денсаулық, молшылық тілеймін. Біздің елімізде әрқашан бейбітшілік, келісім, тұрақтылық болып, аспанымызды соғыс бұлты шалмасын!

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.



ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ - ОТАҢА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІКТІҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ



Бұл күні Отанға деген адалдық, елге деген жанашырлық, азаматтық парыз ұғымдарының мағынасы еселене түседі. Халқымыз Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін мақтан тұтады, өйткені Әскер – мемлекет қорғаны, бейбітшілік тірегі.

Біздің ұжым да Отан алдындағы адалдығын сақтай отырып, алға қойған тапсырмаларды орындауға әрқашан дайын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қарулы Күштеріміздің қуаты нығайып, айбыны асқақтап, даңқы арта берсін!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз! Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін! Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ержүрек істеріне сай сый-құрмет көрсете отырып, олардан өнеге алып өсетін жас ұрпақ Отанына адал қызмет етеді деп сенеміз. Мерейлі мерекемен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, зор табыстар тілейміз!

Бар өмірін әскери іске арнап, күн-түн қатып, елін, жерін қорғап, өз қызметін мінсіз атқарып келе жатқан жауынгерлерімізге алғысымызды білдіреміз. Еңбектеріңіз жемісті болсын! Әрқашанда аспанымыз ашық болып, еліміздің тыныштығы бұзылмасын.

Аділ МУХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.



АЛАПАТ СОҒЫС БОЛМАСЫН!

Ел басына күн тұса, Атқа қонбас ер бар ма?
Ай менен Күн тұтылса, Қараңғы түспес жер бар ма?
«Отаным» дейтін ұл тұса, Қол бастап аға ұмтылса,
Алынбас қамал, бел бар ма?
Жауының белін бүктірген,
Ордасын күлдей үктірген, Рейхстагқа туын тіктірген.
Майдангерлерде шер бар ма?
Жиырма сегіз батырым,
Бір тарих өзі атыңның.
Сендерге жетер тең бар ма?
Ақырғы шайқас – арпалыс!
Қарамас батыр ажалға. Төтеп беру өлсе де,
Аяқ пен қолын берсе де. Темір құрсау тажалға.
Кеткенде ойлап ауылын, Ата-ана мен бауырын,
Іркілді жас жанарға. Жолының бәрін таптады,
Дүлей темір қаптады. Ақырғы бекініс қамалға.

Деді олар: «Бауырым, тізелес! Итерген оны біз емес»
Қанды қырғын жанжалға. Қанға құмар фашистің,
Тәңірім жолын оңдар ма? Командирі бастап қол,
Жиырма сегіз батыр ашты жол,
Жеңіспен атар таңдарға!
Шындыққа кім нанбасын, Қалдырды ерлік таңбасын.
Кейінгі бұған таңданба.
Қолынан ешкім берген жоқ.
Жел айдап Жеңіс келген жоқ.
Ұрпағым мұны ойласын. Өткендердің өрлігін,
Мәңгілік өшпес ерлігін Кейінгілер жалғасын.
Әлемді бүкіл жалмаған, Шеңгелдеп қанды қармаған.
Алапат соғыс болмасын! Отан – елдің тірегі,
Беріліп оған жүрегі. Ұландар елін қорғасын!
Сәлік ЖҰМАТТЕГІ,
газет тілшісі.

ӨМІРДЕ ӨШПЕЙТҰҒЫН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

Совет ХАМИТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылдың 9 мамыры... Ұзақтығы жағынан төрт жылға жуық, тарихи тұрғысынан осы бір шамалы ғана уақыт айырымы өзінің көлемі және оқиғаларға қанықтығымен тұтас дәуірге тең, өйткені ол миллиондардың жүрегі жаралап, миллиондардың өмірін қиған Ұлы Отан соғысын өз бойына сиғызып тұр. Соғыс тақырыбына баспасөз бетінде аз жазылған жоқ. Сонда да көзі тірі кезінде жүздесіп, сұхбаттасқан, соғыстан оралғанда төс қалталарында келген, артынан сарғыш тартқан құжаттарын оқып, танысқан, өзім жақсы білетін соғыстың ардагерлерін бірі, бірі емес бірегейі, бір сөзбен айтқанда қаһарманы Сейполла Мұқановты еске алып, қолыма қалам алдым.

Сейполла Мұқанов Көкше өңіріндегі әсем жерлердің бірі – қазіргі Зеренді ауданына қарасты, Ортақ ауылының төл тумасы. Сепең кешегі жалыны жер мен көкті шарпыған жалпыға ортақ қанды майданға жиырмаға толмай аттанған екен. Ақыл-ойы толысып, бұғанасы еркін қатып, жетілмеген жас өрен өзінің зеректігі, алғырлығымен өз басшыларына басқалардан бұрын көзге ілігеді. «Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал ала алмайды» деген аталы сөз тегінде осындайларға айтылса керек. Солай десе де, Сейполла жиырмасында әділет, Отан жолында орда бұзуға дайын болды. Ол әскери дайындықта жүріп, көп уақыт өтпей-ақ, соғыс стратегиясының бірнеше мамандығын меңгеріп алады. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде сурапыл соғыстың қанды шайқасына Т-34 мұнаралы танкінің пулеметшісі, атқыштар взводы командирінің көмекшісі ретінде араласады. Басқасы басқа, Сейполла ағайынды Ұлы Отан соғысы жылдарында алты рет жараланғанын, «Қызыл Жұлдыз», екінші және үшінші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен, бірнеше мәрте жауынгерлік медальдармен марапатталғандығын тілге тиек етер болсақ, оның қанды шайқастардағы жанқиярлық ерліктерін көз алдыңызға елестетер едіңіз. Сол ерліктеріне қолда бар ресми құжаттарға сүйене отырып қысқаша тоқтала кетейік. 1943 жылдың тамызы мен 1944 жылдың ақпан айының аралығында атқыштар бөлімшесінің командирі болып жүріп Сейполла Мұқанов Миусе өзенінде немістердің қорғанысын бұзып, біздің әскерлердің алға жылжуына мүмкіндік туғызады, Запорожье облысындағы Жоғарғы Токмак, Каменка селоларын жаудан азат етеді. Тек азат етіп қоймай немістердің бірнеше танктерін құртып, әскерлерін тұтқынға алады. Міне, осы ерліктері үшін алғаш рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

Гвардия аға сержанты С. Мұқанов өзінің бөлімшесімен немістердің үш дүркін қарсы шабуылына тойтарыс береді. 179 - биіктік үшін күресте жалғыз өзі жаудың 7 солдаты мен офицерлерінің көзін жояды. Ол ауыр жараланғаннан кейін ғана ұрыс шебін тастауға мәжбүр болады. Осы жолғы көрсеткен ерлігі үшін үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады. 1945 жылы 6 наурызда Шетель

деревнясының (Венгрия) аумағында Сейполла Мұқанов қарсыластарының траншеясына бірінші болып баса көктеп кіріп жалғыз өзі 4 неміс солдаттың көзін құртады. Бұл ерлігі үшін алдыңғыларға екінші дәрежелі «Даңқ» ордені қосылады. 1945 жылдың 14 және 15 сәуірінде Иамидорф деревнясы ауданында Мұқанов өз бөлімшесімен қарсыластар траншеясына баса көктеп кіріп 3 қарсыласын өлтіріп, жауды жеңеді. Осы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін қос бірдей «Даңқ» ордендеріне «Қызыл Жұлдыз» орденін қосылады. Үшінші «Даңқ» орденіне бір-ақ адым қалғандай еді, бірақ бұл бейбіт күн емес, өмір мен өлімнің арпалысы, орденнен де өлім жақын сияқты кез ғой, осығанда тәуба дейміз. Тәуба деп отырып айтарымыз Сейполла ағамыз бейбіт күнде ерен еңбегінің арқасында бір басқа жетерлік орден, медальдармен марапатталды, кемін толтырды... Соғыс жеңіспен аяқталған соң елге қайтып оралған Сейполла Мұқанов Чкалов ауданындағы Донецк орта мектебіне денешынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызметке орналасады. Оқушылардың жазғы демалыс уақытында қазіргі Қатаркөл маңына орналасқан аудан пионер лагеріне басшылық жасап, балалардың жақсы дем алып, тынығуларына қолдан келген жағдайлардың бәрін туғызады. Осы орайда айта кететін бір жай, ол қай балаға болса да, әкелік мейірімін шуақты күндей төгіп, қамқор, ақылшы бола білуі еді. Қазір жетпістен асқан, ол кезде 10-11 жасар балалар біздің сөзімізді дәлелдер... Сол уақытта осы колхозда бірге тұрып, бірге қызметтес болған соғыс және еңбек ардагері Б.И. Дермановский Сейполла ағаймен істес жылдарын былайша еске алған еді: «1946 жылдың басында Донецк орта мектебіне жас майдангер жігіт дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып орналасты. Ол кезде село тұрғындары комендатураның бақылауында болатын. Ал С.Мұқанов коменданттардың еркінсіп, халыққа тырнағын батыруларына қолынан келгенше жол бермеді. Сөйтіп оның абыройы күннен-күнге арта түсті. Көп кешікпей ол колхоз бастаушы партия ұйымының хатшылығына сайланды». Үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысатын қасиеті, ұйымдастырушылық қабілетінен шығар, 1958 жылдың ақпан айында шылғы неміс пен поляк қоныстанған «Красная звезда» колхозшылары Сейполла Мұқановқа зор сенім білдіріп, оны колхоз басқармасының төрағасы етіп сайлады. Ол бұл жұмысты өмірінің соңғы күніне дейін атқарды. Шындығында да, аз жылдың ішінде «Красная звезда» колхозы тек аудан көлемінде ғана емес, облыстағы іргелі, экономикасы дамыған шаруашылықтардың қатарына қосылды. Өзі тізгінін қолына алған уақыттан бастап Сейполла аға колхоздың шаруашылық салаларымен қатар әлеуметтік жағына да көп көңіл бөлді. Жаңа тұрғын үйлер, Мәдениет үйі, кеңсе, кітапхана, монша,



тағы басқа көптеген мәдени-тұрмыстық объектілер бой көтерді. Колхоз орталығынан шалғайлау орналасқан Озерный селосы да С. Мұқановтың қызмет істеген кезінде іргесі мықтап бекіп, байырғы елді мекендердің біріне айналды. Тіпті қайта құрудың неше теперішін көрсе де, бұл елді мекен әлі күнге өз бет-бейнесінен айныған жоқ. Онда сан ұлт өкілдері тұрып, нарық талабына сай өздерінің тіршілік жасап, тырбанып еңбек етуде. Осылайша шаруашылықты өркендетудегі сіңірген еңбегі үшін Сейполла Мұқанов екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен марапатталды. Әсіресе ол өзінің көзі тірісінде ауылдағы дәрігерлік қызметке, оқу-ағарту саласының жұмыстарына да ерекше ден қойды. Әрбір жанұяның денсаулығы, көңіл-күйі, тіпті бөбектерінің оқуы сияқты мәселелер жалпы шаруашылық істерімен қатар жүретін. Қыстақтың әрбір бөбегінің есімі, қай класта, қай жерде оқитынын, қалай үлгеріп жүргендігіне дейін көңіл бөліп отыратын. Аудан орталығында жоқ аурухана үйі де тұңғыш осы Донецк селосында бой көтерген еді. Бұл да болса сол кезде қалыптасқан жақсы басшылықтың нышаны дер едік. Сейполла Мұқанов қоғам өмірінен де тыс қалмады. Ол бірнеше рет аудандық және облыстық партия комитеттерінің мүшелігіне, халық депутаттары аудандық және облыстық Советтерінің депутаттығына сайланды, колхоздардың республикалық Советінің мүшесі болды. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» (1968 жыл), ССРО денсаулық сақтау Министрлігінің «Денсаулық сақтаудың үздігі» (1972 жыл) белгілерімен марапатталуы менің ода жазып отырмағандығымды дәлелдер. Ол ешқашан ешкімді алаламай, ұлыларды дараламай сұрапыл соғыста да, бейбіт еңбекте де алдыңғы шепте болып, елі, халқы үшін өмірінің соңына дейін қызмет атқарған нағыз азамат.

МЕНИҢ ӘКЕМ БАТЫР БОЛҒАН



Қожақметов Өмірбай.

Әкем—Өмірбай Тойғұлұлы Ұлы Отан соғысының ардагері.Әскери суреттеріне ұзақ қарап отырып, Ұлы Отан соғысына қатысып, жастық шағының қимас сәттерін оқ пен оттың арасында жүріп, басына түскен сол бір қасіретті жылдардың ауырлығына мойымаған, Отан үшін шайқасып, бізге бейбіт күн сыйлаған ардагерлеріме, әкетайыма аса зор ризашылық көңілмен бас иемін!

Олардың өткен өмір жолына үңіліп, Ұлы Жеңістің бізге қалай жеткенін ойласам, көзіме еріксіз жас үйіріледі.

Сондай сұрапыл қанды қырғынның болғанын біліп, бейбітшіліктің бізге қалай жеткенін ұғынып, кейінгі ұрпақ ұмытпаса екен деймін.

Ұлы Отан соғысына қатынасып, жаумен қасық қаны қалғанша шайқасқан ер азаматтарымыздың, әке-аға,бауырларымыздың есімін жадымызда мәңгі сақтайық!

Аян Қожақметова,
қызы.

9 мамыр – Жеңіс күні Тек алға, сарбаздар!

Сарбаздар, тек алға адымда,
Оқы, үйрен, жалықпа, жалында.
Еркіндік жалауын жаққан күн
Мәңгілік сақталсын жадында.

Армия жасағы құрылды,
Аймалап өбеді туымды.
Жас ұрпақ, қорғай біл еліңді,
Жеріңді, мөп-мөлдір суыңды.

Сарбаздар әнеки, тұр сапта,
Асығыс кетердей бір жаққа.
Бейне бір «Ант» беріп тұрғандай
«Тоқтай тұр!» мен атам, сен атпа.

Аспаны ашық бол елімнің,
Сақталсын байлығы елімнің.
Халқыңа аянбай еңбек ет,
Зейнетін көрерсің еліңнің.

Сарбаздар бүркіттей қас қыран,
Үлгі алып ер жетер жас ұлан.
Арналсын ақ ниет, ақ бата,
Шат күлкі, жыр шумақ, асыл ән.

Тыңдайық сарбаздар әуенін,
Жаңғыртсын қазақ ел әлемін.
Қабыл ал мереке алдында
Жолдаған ағалар сәлемін.

«Болашақ жарқын» деп данамыз
Сол сөзбен көш бастап барамыз.
Ұраны сарбаздың «Тек алға!»
Жарқырап, жалындап жанамыз.

Туған жер төрінде санамның
Аруағы қолдасын бабамның.
Бір Алла жар болсын сендерге,
Ақ сүтін ақтаңдар анаңның.

Сарбаздар, қатардан қалмаңдар,
Бабалар ерлігін жалғаңдар.
Ел-жерін қызғыштай қорғаған
Ержүрек сарбазда не арман бар.

Қожа ҚАБАНҰЛЫ,
тілші.

ЕЛІНЕ ЕЛЕУЛІ, ХАЛҚЫНА ҚАЛАУЛЫ АЗАМАТ

Кіндік қаның тамған жерің мен елің әрқашанда азаматымен ажарлы, мақтан тұтар асылдарымен еңселі. Осы әңгіменің арқауы болып отырған Жаров Амангелді Қалымұлы – сондай жандардың бірі. Іскер ұйымдастырушы, абзал да сертіне берік азамат жайлы жазуды жөн көрдік. Екінші жағынан 2022 жылдың 15 мамырында ағамыз 80 жасқа толады.



Техникумды тәмамдағаннан кейін Амангелді аға еңбек жолын Красноармейск ауданының «Победа» совхозында бухгалтер болып бастады. Кейін жастар арасында беделге ие болған оны осы шаруашылықтың комитет хатшысы етіп тағайындайды. Осы салада Амангелді Қалымұлы облыстық комсомол комитеті бөлімінің меңгерушісі, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы лауазымына дейін көтерілді.

Педагогикалық және ауылшаруашылық институттарын тәмамдады. Партия жұмысында көп еңбек атқарды: «Терновский» совхозында партия комитетінің хатшысы, Красноармейск ауданының партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Мықты ұйымдастырушы ретінде «Терновский» совхозының директоры лауазымына ұсынылып, осы лауазымда 20 жылдай еңбек етті. Бірқатар үкімет тарапынан марапаттардың иегері. Аудандық кеңес депутаты болып сайланды.

Зейнеткерлік демалысы кезінде екі кітап жазып шығарды: «Бөрілі» және «Мои жизненные вехи». Бұл еңбектерінде ұзақ уақыт зерттеп, жинақтаған материалдарының негізінде аудан тарихын, әсіресе өзі дүниеге келген ауылы «Бөрілі» туралы жазады.

80-нің төріне шығып отырған Амангелді ағамыз жары, ұлағатты ұстаз Қадиша Кәрімқызы екеуі – өнегелі отбасының алтын босағасы. Шаңырақ құрған 55 жылдай уақыт ішінде төрт баланы тәрбиелеп өсіріп, оларды қатарға қосты. Олардың бәрі жоғары білім алып, мемлекетіміздің түрлі салаларында жауапты лауазымдарда еңбек етуде.

Шынында да, мерейтой иесінің өмір жолы, тек алға деген ұмтылысы, қиындықтарды өз күшімен жеңе білуі біз үшін үлгі болмақ.

Амангелді аға қай жерде жүрсе де, оны адамдар қоршай қалады, өйткені ол өзінің ашық мінезімен адамды өзіне тарта біледі, нақты және іскер әңгіменің басын құра білетін қасиеті бар.

Біз отбасымызбен жақсы да шынайы қарым-қатынасы үшін, кеңесі үшін, құрметі үшін ағамызға алғыс айтамыз және өмірімізде осындай керемет адамның бар екеніне мақтанамыз.

Мерейтой иесіне ұзақ өмір, зор денсаулық, отбасына амандық және толассыз күш-қуат тілейміз.

Құрметпен: Жаровтар,
Беккужинуовтар отбасы.

МЕН БҮГІН ӘКЕМДІ АЙТЫП ТОЛҒАНАМЫН



Әкем Рахметжан Шәріпов 1909 жылы Көкшетау облысы Чкалов ауданы Социалды ауылында дүниеге келген, 1985 жылы қайтыс болып, Амандық ауылында жерленген.

1939 жылы Чкалов кеңес армиясы қатарына шақырылды, Ұлы Отан соғысында қатардағы жауынгер болды, жүргізуші болды: оқ-дәрілер мен түрлі қажетті жүктерді жеткізді. Менің әкем Украинаны, Беларуссияны азат ету үшін соғысқан, Маньчжурияда, сондай-ақ Қытай шекарасында соғысқан, бірнеше рет жараланған. «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен, сондай – ақ мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1947 жылы үйіне оралады.

Соғыстан кейінгі кезеңде «Чкаловский» совхозында жүк жүргізушісі ретінде жұмысын жалғастырды. Сонымен қатар, ол жергілікті елде имам болды.

Жерлестеріміз әкемді еңбекқор, жауапты, көпшіл, көңілді, құрметті адам, әрқашан адамдарға көмектесуге дайын адам болған деп айтады.

Анам Қазі Шәріповамен бірге менен бөлек тағы төрт ұл тәрбиелеп өсірді. Ата-анамыз бәрімізге лайықты білім берді. Бүгінгі таңда біздің отбасымыз 11 немере мен 23 шөбереміз толықты.

Әкем сияқты Жеңіс күнін барынша жақындатқан, біздің басымыздағы бейбіт аспан үшін бар күш-жігерін, жастығын, денсаулығын және тіпті өмірін қиған барлық батыр-ардагерлерге тең құрмет пен алғысымды білдіремін.

Құлпән Рахметжанқызы Сейітова,
қызы.

«E-SALYQ BUSINESS» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ БІРҚАТАР САЛЫҚ РӘСІМІН ЖЕҢІЛДЕТТІ

«E-Salyq Business» мобильді қосымшасы бірқатар салық рәсімін жеңілдетті. Енді қосымша арқылы жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге, кассалық чектің орнына мобильді қосымшаның чегін беруге, түбіртек арқылы кәсіпкердің кіріс есебін жүргізуге, салықтар мен әлеуметтік төлемдерді автоматты түрде есептеуге, жалдамалы қызметкерлердің және олардың табысының есебін жүргізуге, оңайлатылған декларацияны тапсыруға, кәсіпкерлік қызметті оңайлатылған тәртіпте тоқтатуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, бірқатар анықтаманы да алу мүмкіндігі бар. Мысалы, жеке кәсіпкер ретінде тіркелу туралы, оның және оның жұмысшыларының табысы туралы анықтамаларды ала аласыз. Бұлардың барлығы талап етілген жерге ұсынуға арналған. Бизнес өкілдерінің салық міндеттемелерін жеңілдетуге арналған мобильді қосымша 1-қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген еді. Бұл тегін қосымшаны App Store, Play Market және App Gallery-ден жүктеуге болады.

ЖЫЛ ӨТТІ ІЗГІ ЖҮРЕК ТОҚТАҒАЛЫ

Мейірімі мол ардақты ағамыз Омаров Қабиден Байтасұлы жарық дүниеден өткелі жыл толды. Бақытты ғұмыр кешкен, ұрпақ тәрбиелеген, баршамызға жан шуағын төккен жанашыр жан ретінде біздің жадымызда мәңгілік сақталары сөзсіз.



Өн бойынан сезуші едік жылылық, Жүруші едік біз де соған жылынып. Ағасы бар адамдарға бүгін біз Сүйсініп те қараймыз-ау қызығып.

Дидарынан нұр төгіліп тұратын, Сол бір нұрдың сыры көпті ұғатын. Біздерге арнап жұмсады ғой шалдықпай Бойындағы қажыр-қайрат, қуатын.

Асыл аға, біздер үшін қымбатсың, Деп тілеуші ек таңымыз да бірге атсын. Ажал көші әкеткенмен өмірден, Бауырларыңның жүрегінде тұрмақсың.

Руы Қарауыл, оның ішінде Қылды. 1941 жылдың 4 мамырында бұрынғы Көкшетау облысы Красноармейск ауданы Кішкенеқопа ауылдық округінің Көзашар ауылында өмірге келді. Көзашар бастауыш мектебін аяқтап, Еңбек ауылындағы Жамбыл жетіжылдық мектебін бітіріп, Көкшетау қаласындағы М.Ғабдуллин атындағы №3 қазақ орта мектебінің пансионатында оқып, орта білім алып шықты. 1962-1966 жылдары Көкшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетін аяқтады. Еңбек жолын бұрынғы Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданы Сәуле сегізжылдық мектебінде 1966-1967 жылдары қатардағы мұғалім, 1967-1968 жылдары оқу ісінің меңгерушісі, 1969-1997 жылдары мектеп директоры болып қызмет атқарды. Ол мектеп 1990 жылдан бастап орта мектеп болып жұмыс жасайды, қазіргі атауы Әлжанов Шәрапи атындағы Сәуле орта мектебі. Аудан Біржан сал атына ауыстырылды.

Еңбектегі көрсеткіштері:
КПСС мүшесі 1970-1995 жж.
Социалистік жарыстың жеңімпазы 1977 ж.
Қазақ ССР оқу министрлігінің Құрмет грамотасы 1980 ж.
Облыстың үздік насихатшысы ретінде үстелге қоятын В.И. Ленин атындағы медаль «Құрмет грамотасы» 1987 ж.
«Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төс белгісі 1990 ж.

«Еңбек ардагері» медалі 1991 ж.
Аудандық кеңестің депутаты 1972-1976, 1989-1994 жж.
Көкшетау облысы «Жыл директоры» 1992 ж.
«Еңбекшілдер ауданының құрметті азаматы» 2012 ж.
Еңбекшілдер ауданының энциклопедиясына енгізілген 2015 ж.

«Біржан сал ауданына – 90 жыл» медалі 2018 ж.
Ұстаз күнделігі кітабының авторы 2001 ж.
«Біржан сал Қожағұлұлына – 185 жыл» төсбелгісі 2020 ж.
Облыстық, аудандық партия конференцияларының бірнеше мәрте делегаты.

Облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің грамоталары.
Селолық кеңестің бірнеше мәрте депутаты.
Совхоз дирекциясы, Партком ұйымының алғыс хаттары.
Міне, осының бәрі артта қалды....Ағайын-туыстың қабырғасын қайыстырып, жүрегін сыздатқан қаралы оқиғаға қалың қауым жиналды. Ал, бүгін әкемізді, ағамызды, жан жолдасымызды сағыныспен еске ала отырып айтарымыз: Сіз біздің өмір тарихымыздың мәңгілік сақталар кейіпкері боласыз. Сіздің өмір жолыңыз, атқарған еңбегіңіз кейінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз!

Азайды арқа сүйер қатарымыз
Айрылып асыл жаннан қапалымыз.
Қош бол, аға топырағың торқа болсын
Пейіште жолдас болсын иманыңыз.

Сағыныспен еске алушылар:
ағайын-туыс, бауырлары, қарындастары мен келіндері.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Өткен 2021 жылы туысымыз, досымыз **МҰСАХАНОВ ЕЛІКБАЙ МӘЖИТҰЛЫ** өмірден өтті.

Өмірден өтсе де, көңілден кетпейді. Елікбай аға жаны жайсаң, сабырлы, ақжарқын, кішіпейіл, үлкенге кіші, кішіге қамқор бола білген адам.

Ішкі істер бөлімінде қызмет етті. Қызмет барысында жұмысына адал, іскер адам екенін көрсете білді. Жолдастарына, қызметтестеріне сыйлы болды, өзін де сыйлата білді.

Биылғы жылдың мамыр айында 8-і күні жылдық дұғасы қабыл болсын. Иманы жолдас болсын, жұмақтың төрінен орын алсын.

Артында қалған жұбайына, балаларына, немерелеріне ұзақ өмір тілейміз.

Елікбай Мәжитұлы әрқашан біздің есімізде.

Еске алушылар:
туыстары, достары: Гүлшекер, Қалампыр, Сағындық-Клара, Орынбасар, Мұхтар-Сәуле.

Чкалов ауылында «Ашық әкімдік» фронт-кеңесі ашылды

Чкалов ауылдық округінің әкімдігі халыққа қолайлы мемлекеттік қызмет түрлерін ұсыну мақсатында «Ашық әкім-дік» форматында жұмыс істеуді қолға алды.

«Ашық әкімдік» фронт-кеңесі Чкалов елді мекенінде жұмыс істейді. Округ тұрғындарына мемлекеттік қызметтерді және мамандардың кеңесін алу жеңілдемек. Енді әкімдік қызметкерлеріне кіріп, мәселесін шешу үшін кабинет алдында кезек күтудің қажеті жоқ. Фронт-кеңесінің жұмысымен Тайынша ауданы әкімінің орынбасары Ерлан Жаров, «Аманат» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мереке Хамзин, Тайынша ауданы әкімінің аппараты басшысы Бақыт Абулгазинова танысты.

Бұл жоба – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жергілікті атқарушы органдардың халықпен тығыз байланыс орнатудың жаңа форматына көшу туралы тапсырмасы аясында жүзеге асып отыр.

Әкімдік ғимаратының бірінші қабатынан ашылған «Халықпен қызмет» орталығында мамандар келушілерге салық салу, атаулы әлеуметтік көмек, жер, тұрғын үй, құрылыс, жол сынды мәселелер бойынша кеңес беріп, қызмет көрсететін болады. Тұрғындарға ыңғайлы, кең залда қызмет көрсетіледі. Олар құжаттарын тапсырып, мемлекеттік қызметтің барлық түрлері бойынша көмек алады, сондай-ақ арыз-шағымдарын айтып, осы жерде жұмысқа орналасу мәселесін шешуге мүмкіндік бар. Сондай-ақ, кеңсе қызметкерлері елді мекендердің жағдайын жақсартуға бағытталған тұрғындардың ұсыныстарын жинап, сараламақ. «Бұл тұрғындар үшін жасалып жатыр. Олар бір жерде жұмыстарын бітіріп, уақыттарын үнемдейді», – деді аудан әкімінің орынбасары Ерлан Жаров.

Тұрғындар жаңа жобаның тиімділігін атап өтті. - «Ашық әкімдік» жобасы ұйымдастырылғаны өте жақсы болған. Бұрын біз бір кабинетке кіру үшін анда-мында сабылып жүретін едік, ал мынау бәрі бір жерде қаз-қатар отырып, жұмыс істеуде. Сұрағанымызды анықтап біліп жатырмыз. Біз үшін өте ыңғайлы. Көп рахмет, - деп округ тұрғындары алғыстарын айтып жатыр.

Тұрғындар фронт-кеңесінің өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында электрондық үкіметтің порталына кіріп, мәселесін шеше алады.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ.

КӨҢІЛ АЙТУ

Тайынша ауданының әкімі мен аудан әкімінің аппараты
Аудандық мәдениет үйі директорының м.а.
Нықышев Самат Тоқсанбайұлына
ӘКЕСІНІҢ
қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

Уважаемые ветераны Великой Отечественной войны и труженики тыла!

От всей души поздравляю Вас с праздником мужества и отваги – Днём Великой Победы 9 мая. Независимость и свобода даны не каждому государству. Наши предки батыры веками отстаивали нашу независимость, принося в жертву свои жизни, проливая свою кровь во имя свободы. И в этой борьбе особую роль сыграли бойцы и труженики тыла в годы Великой Отечественной войны.

Пламя той войны охватило пол мира, оставив за собой горечь опустошения и потерь в каждой семье, страдания и ужас в сердце каждой матери, каждого ребёнка. Вечная память фронтовикам, которые остались лежать на поле битвы, в кровавых и жестоких сражениях. Бесстрашные бойцы насмерть бились с врагом на фронте, а помогали им ковать победу их братья и сёстры, отцы, матери и дети, которые не жалея сил, трудились в тылу.

Желаю мира и дальнейшего процветания нашей республике, согласия и благополучия каждой семье!

Нина ПОПОВА,
председатель районного
совета ветеранов.

ҰЛЫ ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР, ЖЕРЛЕСТЕР!

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығына арналған шын жүректен шыққан құттықтауымды қабыл алыңыз!

Отан үшін жанын қиған жауынгерлерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне теңдессіз батылдығы, табандылығы, борышқа адалдығы және Отанға деген махаббаты үшін бас иіп, құрмет көрсетеміз!

Ұлы Жеңіс туралы естелік мәңгі біздің жүрегімізде қалады.

Осындай жарқын күнде Сізге және Сіздің жақындарыңызға мол бақыт, зор денсаулық, татулық пен амандық тілеймін. Аспанымыз әрқашан ашық болсын!

Мереке ХАМЗИН,
«АМАНАТ» партиясы аудандық
филиалының атқарушы хатшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тайыншалықтар мен қала, аудан қонақтары! 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне байланысты орталық «Достық» алаңында мерекелік іс-шара өтеді. Сарбаздардың сапқа тұру, әскери әндер мен түрлі әскери ойындарды тамашалауға шақырамыз. Басталуы 11.00.

Ұлы Жеңіс мерекесіне байланысты 9 мамыр күні «Жеңіс» саябағында мерекелік іс-шаралар өтеді. Гүл шоқтары қойылып, мерекелік концерт, түрлі спорт ойындарына ұласады. Саябақта сауда-саттық, ас мәзірлері болады. Жазғы футбол маусымының ашылуы және түрлі ойын-сауықтар сіздерді күтеді. Басталуы 11.00. Кешкілік «Достық» алаңында мерекелік іс-шаралар жалғасатын болады.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Дуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 154 Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.